




**Теориялык зерттеу әдістері.**

Жоспар:

1. Теориялық зерттеу әдістерінің мәні.

2. Теориялық деңгей әдістері.

3. Тарихи педагогикалық зерттеу әдістері.



1. Теориялық талдау – педагогикалық қбылыстың кей тараптарын, белгілерін, ерекшеліктері мен қасиеттерін біліп, қарастыру үшін қажет. Жеке деректерді талдаумен оларды жүйелі топтарға біріктіреміз, әрбіріндегі жалпылық пен даралықты ескере отырып, ортақ принциптер мен станымдарға келеміз. Талдауды біріктіру (синтез) процесімен қатар жүргізе отырып, зерттеудегі педагогикалық қбылыстың мән – жайына енеміз.



Индуктив және дедуктив әдістер – эмпирикалық жолмен алынған ақпаратты қорытындылаудың логикалық әдістері. Индуктив әдіс – ойдың жеке пікірлерден жалпы ойға өтуін байқаса, дедуктив – жалпы пікірден жеке қорытынды жасауға қолданылады.



. Индуктив әдіс – ойдың жеке пікірлерден жалпы ойға өтуін байқайды.



Дедуктив – жалпы пікірден жеке қорытынды жасауға қолданылады.

Теориялық әдістің қажеттігі проблема анықтауға, гипотеза белгілеп, жинақталған деректердің бағасын шығарудан туындайды. Теориялық әдіс көптеген әдебиеттермен таныс болуды талап етеді:

- жалпы адамтану, соның ішінде педагогика классиктерінің еңбектері;
- жалпы және арнайы педагогикалық әдебиеттер;
- педагогикалық мерзімді басылымдар;
- мектеп, тәрбие, мұғалім жөніндегі көркем шығармалар;
- педагогикалық анықтама құралдары;
- педагогика және онымен сыбайлас пәндер бойынша оқулықтар мен әдістемелік – қолданбалар.



**Білім беру сапасы артады**

**Оқушының музыка пәнін қызығып оқуына әрекет ету**

**Тиімді қолдана білген әдістер арқылы:**

**Қиын тақырыпты оңай әрі, қызықты етіп түсіндіруге болады.**

**Әнді дұрыс айта білуге дағдыландыру**

**Музыкалық аспаптарда ойнап, үнін тыңдағу арқылы ұлттық аспапқа деген қызығушылығы артады**



Әдебиеттермен жұмыс істеу әдістерінің түрі сан алуан. Олар арасында көбірек қолданылатындары:

- ❖ кітапдерек (библиография) түзу – зерттелетін мәселеге байланысты іріктеліп алынған деректік әдебиеттер тізімі;
- ❖ реферат жазу – жалпы тақырып бойынша бір не бірнеше ғылыми еңбектің қысқартылып берілген мазмны;
- ❖ конспектілеу – жұмыстың маңызды идеялары мен тұжырымдарына байланысты жан – жақты материалдарды мқият қамтыған жазбалар;
- ❖ аннотациялау – кітап пен мақаланың жалпы мазмнын қысқаша ақпар жазу;
- ❖ сілтеме (цитата) беру - әдеби деректе келтірілген ой, пікір не санды өзгертпестен мәтінге ендіре жазу.




Абстрактілеу әдісі-екінші реттік фактілерден бас тарта отырып зерттелетін құбылыстың негізгі ерекшелігі бар зерттеуді шоғырландыру. Абстракциялаудың (дерексіздендіру) екі түрі бар; талдап қорыту және жекелеп бөлу.

Талдап қорыту – көптеген біріңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, бірдей белгілерін анықтау.

Жекелеп бөлу – бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажетті бір қасиетін бөліп алу процесі.



## *Бейтарап әдіс*



Теория жүзінде мүмкін жағдайдың, құбылыстың немесе заттың моделін жасау әдісі. Модельдеу – зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Бірінші объект түпнұсқа болады да екінші объект оның моделі болады. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заң бойынша түпнұсқаға көшіреді. Модель және модельдеу әдісі түпнұсқаны зерттеу қиын емес немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады. Модель мен түпнұсқа арасында бір ұқсастық болуы керек.



Модельдеу

ауызша

Логикалық

Физикалық

Математикалық

болады.

Әдістер көп түрлі де, сан қилы, бірақ жүйелестіре келгенде, бұлардың бәрі үш топқа ажыратылады.

- 1) педагогикалық тәжірбиені зерттеу әдістері;
- 2) теориялық зерттеу әдістері;
- 3) математикалық әдістер;

1) педагогикалық  
тәжірбиені зерттеу  
әдістері;

2) теориялық  
зерттеу әдістері;



3) математикалық  
әдістер;

**Дисперсиялық  
талдау  
міндеттері:**

белгіленген немесе кездейсоқ болулары мүмкін бірнеше деңгейлермен сипатталатын факторлардың ықпалын зерттеу.

*Факторлық  
белгілер(фактор) –  
зерттелетін  
құбылысқа ықпал  
ететін белгілер.*

*Нәтижелік  
белгілер(факторға  
жауап) – факторлық  
белгілердің ықпалы  
нәтижесінде өзгертін  
белгілер.*

**Жаңа**

Оқушыларға қолайлы  
орта қалыптасып,  
бір – біріне қол ұшын  
беруге мүмкіндік туады  
, түйық  
оқушыларымыздың  
өзіне деген сенімділігі  
артады

Мұғалімдер  
бағыттаушы,  
бақылаушы ролін  
атқарады,  
оқушылармен  
ынтымақтастық  
орта қалыптасады

Бұл әдістер мұғалім мен  
оқушының, оқушы мен  
оқушының арасындағы  
өзіндік ойлар  
мен пікірлерін дамытуға,  
оқуды өз  
бетінше жалғастыра а  
латын білім деген  
күнтарлығы артады

**Әдіс**

**Тәсілдер**



Пайдаланылған әдебиеттер:

Асқаров Е.С., Балапанов Е.Қ., Қойшыбаев Б.А. Ғылыми зерттеулердің негіздері. оқу-әдістемелік құрал Алматы 2005ж. (5-15 бет).

Қасқабаяева Ф. Ғылыми жұмыстарды жазуға жаднама. Қазақстан тарихы. -2007. - № 2

Загвязинский В.И., Атаханова Р. Методология и методы психолого педагогического исследования. – М., 2003.

Методология педагогических исследований ( Под ред.Г.А.Пискунова,Г.В. Воробьева). – М.,1980.

Тотанова А.С. Методика научно – педагогического исследования. – Алматы, 2005

Назарларыңызға рахм

